

**№238 орта мектептің жанынан ашылған «Қуаныш» шағын орталығының
психологының 2022-2023 оқу жылында
жүргізілген жұмыстарына
Анықтама**

2022 -2023 оқу жылының басында қыркүйек-желтоқсан (1.09-19.12)
П.Үргенішбаева болды.

Балабақшадағы балалардың – дара психологиялық картасы арналып, психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі тізбесі жасалып, психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық бейімділігін анықтау, зерттеу жұмыстарын жүргіздім.

Желтоқсан айында ересек топқа Менің отбасым тақырыбында балалардың отбасы жайлылығын және ортаңғы және ересек топ балаларына қол икемдіктерін анықтау мақсатында жаңа жылдық киіпкелерді ұсындым, тұлғааралық қарым-қатынастың ерешелігі туралы топтық, жеке жұмыстар жүргізілді.

Қаңтар айында балалардың шыдамдылықтарын тексеру мақсатында күріш пен қарақұмықпен топтық-жеке жұмыстар жасалды. Балаларының көңіл-күйін көтеру мақсатында түрлі смайлк, тәтті балмұздақ жұмыстар жүргізілді.

Ақпан айында Мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасын нығайту, өзара жағымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ақыл-ойын дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында ересек топтың балалары геометриялық фигуралармен танысты және кіші топтың балаларымен түрлі ойындар жүргізілді.



Наурыз айында алғашқы мерекесін әріптестермен және балалармен жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ересек топпен «Өмірде жоқ жануар», кіші топпен «Не артық», «Анамызға сыйлық» суреттерді бастырып, өздері әсемдеп сәнделді. Мерекелік іс-шара кезінде ата-аналарға ойын жүргізілді.



Сәуір айында 03.04-07.04 аралығында Жас мамандар апталығында «Жақсы көңіл-күй жан азағы» атты ата-ана мен бала арасында тренинг өттім. Мақсаты: Ата-ананың психологиялық көңіл-күйін көтеру. Балалардың шығармашылық қабілетін бірге дамыту. Балабақша мен ата-ата арасын нығайту. Кіші топ балаларының таным процесінің көрсеткішін қайталап тексеру жұмыстарын жасалды. Өте белсенді балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргіздім.



Мамыр айында ересек топтан мектепке дайындығын тексеру мақсатында Керн-Йерасек әдістемесін алдым. Мақсаты: балалардың мектеп алды даярлыққа баратын балалардың деңгейін анықтау. Балалардың ойын дамыту барысында кіші топпенде түрлі жұмыс жүргізілді. Түстермен, пласталин және түрлі әдістемелік құралдармен жұмыс жасады.



Педагогикалық ұжымның арасында жағымсыз қарым-қатынастың алдын алу және психологиялық ахуалын жақсарту, көңіл күй сыйлау мақсатында түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

«Қуаныш» шағын

орталығының психологі :

Темірхан Дәуренай